



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ WWW.ORLEU.KZ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО МЕН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУ: ІЗДЕҢІС ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

әдістемелік оқу құралы

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ,
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ
ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ
СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО МЕН ОРТА
МЕКТЕПТЕРДЕ ТӘРБИЕ МЕН
БІЛІМ БЕРУ:
ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

(ӘДІСТЕМЕЛІК ОҚУ ҚҰРАЛЫ)

**ЖИНАҚ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ
ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН**

Алматы, 2020

ӘОЖ 373
КБЖ 74.26
Қ 18

Республикалық www.orleu.kz порталы

Рецензент:
Данабаева Маржан Айкыновна -
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің PhD докторанты

Қ 18 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО МЕН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУ: ИЗДЕНІС ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ: ӘДІСТ.ОҚУ ҚҰРАЛЫ. - Алматы: Республикалық www.orleu.kz порталы, 2020. – 99 б.

**ISBN 978-601-344-117-7
(VIII-шығуы). - 2020. – 99 б.
ISBN 978-601-7872-01-4**


Ұсынылған еңбектер жинағында ұстаздардың еңбектері, мұғалімнің кәсіби дайындық сапасына қойылатын талаптары, құзыреттілік пен кәсіби шеберлік сапасы, кәсіби-теориялық білім мен тәжірибелік біліктілігі туралы, сонымен қатар жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның оқу жүйесіндегі заман талабына сай өзгерістері жөнінде өзекті мәселелер мен жаңалықтар, үздік жұмыстар, сабак жоспарлары көрсетілген.

Бұл еңбектер жинағы мектеп мұғалімдеріне, педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

**ӘОЖ 373
КБЖ 74.26**

**ISBN 978-601-344-117-7 (VIII-шығуы)
ISBN 978-601-7872-01-4 (жалпы)**

**© Республикалық www.orleu.kz
порталы, 2020**



АЛҒЫСӨЗ

ДАНАБАЕВА МАРЖАН АЙҚЫНОВНА
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің PhD докторанты

Нашар көретін бастауыш сынып оқушыларын оқытуудың маңызы

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңын іске асыру барысында білім саласын демократизациялау, биік парасаттылыққа жеткізу мақсатында ерекше білімді қажет ететін балаларға арнағы білім беру жүйесін жан-жақты ойластырып іске асырудың қажеттілігі маңызды болып отыр. Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу күрделі әлеуметтік және педагогикалық мәселе ретінде жоғарыда айтылған балаларды мүмкіншілігіне қарай қоғамдық өмірге пайдалы, белсенді, өз бетінше өмір сүре алатындей дайындау мақсатындағы негізгі мәселелерді шешуге көмектеседі.

Арнағы білім беру жүйесінде ерекше білімді қажет ететін балалардың жеке тұлға ретінде оқытып тәрбиелеп дамыту бүгінде күн тәртібінің басты мәселелерінің бірі. Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытып тәрбиелеу мен жетілдіру – білім берудегі және менгерудегі іс-әрекет дағдыларын, еңбекке және өмірге тәрбиелеудегі негізгі құрал мақсаттық үрдіс болып табылады.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың, соның ішінде нашар көретін оқушылардың белгілі бір қасиеттерін, көзқарастарын, сенімін қалыптастырумен қатар, ақыл-ойы, сана-сезімдері, ой енбегі, өнегелік, эстетикалық тәрбиелік сұрақтарға байланысты нақтылы бір тәрбиелік міндеттерді шешуді қарастыру көптеген ғалымдарды, оқытушылар қауымын алаңдатуда. Әйгілі кеңес психологі Л.С.Выгодскийдің пікірінше, бала бойындағы кемістікті оларға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі жүргізу арқылы әлеуметтік жолмен толықтыруға болатынын айтып өткен [1].

Қазіргі таңда елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар өзіне деген сенімділігін арттырып және қоғамдық өмірге белсene араласуына жәрдемдесуін толыққанды жағдайларға лайықты өмір сүруге, яғни мүмкіндігі шектеулі балаларға жан-жақты педагогикалық қолдау көрсетіліп, әрбір оқушы өз мүмкіндігіне қарай білім көлемін менгеруде [2].

Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ішіндегі нашар көретін балаларды қарастырмақпыз. Жалпы көру қызметі адамға кеңістікті бағдарлау, өзінің қозғалыс аймағын кеңейту, әлеуметтік тәжірибесін байыту сияқты құндылықтарды менгеру үшін қажет екенін білеміз. Көру адамдардың қызмет түрінің әртүрлі болуына байланысты басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуында да маңызды рөл атқарады. Осыдан көзі нашар көретін бала жан-жақты ақпаратты ала алмағандықтан, баланың психологиялық және физиологиялық дамуында кідіріс болатыны сөзсіз.

Көру мүмкіндігі шектелген жандарға осындағы өмірлік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін олардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін терең біліп қызмет ету

тифлопедагогиканың басты маңсаты. Ал тифлопедагог негізгі мәселеге талдау жасай отырып, көру мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық, педагогикалық, медициналық зерттеу жолдарын айқындаپ, көру қабілетінің бұзылу себептерін, психологиялық және педагогикалық ақаулықтарын анықтау, оларды толықтыру, кемістігі бар сезім мүшелерін түзету және қалпына келтіру жолдарын анықтаап, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасауға көмек береді.

Жалпы көру мүмкіндігі шектелген балалар өте күрделі және әртекті топ құрайды. Олар:

- көру қызметінің нашарлау деңгейіне қарай;
- көру қызметінің бұзылуына қарай;
- көз ауруының үдеуіне қарай;
- жалпы денсаулығына байланысты көру мүмкіндігіне қарай ажыратылады.

Бұл айырмашылықтар балалардың қызмет мүмкіндігінің әр түрлі екенін, олардың еңбекке деген қабілет деңгейінің бірдей еместігін анықтайды. Соңықтан, көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарастырып, оларды кешенді түрде зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Көру қабілеті нашарлаған балалардың психо-физиологиялық даму процесі дені сау балалардың даму зандалығымен бірдей өтеді, бірақ психикалық дамуында өздеріне тән ерекшелік болады.

Бұл ерекшелік бала дамуындағы ауытқушылық түрімен анықталады. Көруінде ауытқушылығы бар балалардың дамуы – ауруының сипатына, басталған уақытына және түзету жұмысының уақытылы басталуына тәуелді болады. Ғалымдардың көптеген зерттеулерінде, көруінде кемістігі бар жандардың көбінесе заттардың басты белгілері, яғни пішіні мен көлемі арқылы қабылдай алатындықтарын анықтады. Осы белгілерден заттың сапасы мен қасиеті туралы түсінігі қалыптасады [3].

Жалпы, нашар көретін және көрмейтін балаларды оқыту мәселесі В.Гаюи, Л.Брайль, А.Г.Литвак, Л.И.Солнцева, Р.С.Муратов, И.С.Моргулис, Б.И.Коваленко, В.С.Свердов, Ю.Д.Жаринцева және Ф.Ә.Абаева, К.Ж.Төребаева, Г.С.Оразаева, Ж.Ж.Қартбаева, А.Б.Айтбаева, Л.Н.Манжурова сынды отандық ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Отандық ғалым Л.Н.Манжуованың еңбектерінен мүмкіншілігі шектеулі балалардың даму ерекшеліктері, атап айтқанда, дамуында көру кемістігі бар балалардың сипаттамасына тоқталып өтейік. Жалпы, арнайы педагогикалық тәжірибеде арнайы мектепте оқытуды талап ететін балалардың екі тобын ажыратуға болады. Олар, мұлдем көрмейтін және нашар көретін.


Мұлдем көрмейтін (соқыр) – көру сезімі толық жойылған, жарық сезуі немесе қалдық көру қабілеті бар (жақсы көретін көзінде көзілдірікпен коррекциялаумен 0,04-ке дейін) тұлғалар, сонымен қатар, көру өткірлігі 0,08 дейін және көру ауданы 10-15 градусқа дейін прогредиенті аурулары бар тұлғалар. Көру қабілетінің бұзылу дәрежесіне қарай көріп қабылдауы мұлдем жойылған, екі көзі мұлдем көрмейтін немесе жарықты, тұсті, заттың контурын қабылдауға мүмкіндік беретін қалдық көру қабілеті немесе жарық сезімі бар соқыр адамдар деп белінеді. Нашар көретін – жақсы көретін көзінде жай көзілдірікпен коррекцияланған, көрі өткірлігі 0,05 тен 0,2 дейін көру қабілеті зақымдалған тұлғалар [4].

Ал Ф.А.Абаеваның еңбектерінде өтемдеп қайта өзгерту көздің мұлтіксіздігіне байланысты, көру қабілетінің тіпті мардымсыз қалдықтары көздерінің ауыр мүкістіктері бар адамдардың бағдарлануы және танымдық жұмыс жасауы үшін маңызы бар екендігі айтылған. Сонымен қатар, Л.С.Выгодскийдің көрмейтін адамдарда заттарды қашықтықта байқауға мүмкіндік беретін алтыншы (жылу) сезімі болатыны туралы сөз етілсе, ал мұлдем көрмейтін тұлғалардың ең жоғарғы танымдық процестері қалыпты дамып, сезу, ой өрісілік қызметтердің әрекеттесуінің бұзылуы абстрактілі ойлаудың дамуы басым болатын ойлағыштық қызметінің ерекшеліктерінде білінетіні айтылған.

Сонымен қатар көздерінде ақаулары бар балалардың ата-аналары баланың жас кезінен бастап оның қоршаған ортаны қабылдауына мүмкіншіліктер жасауы тиіс екендігі белгілі. Баламен қарым-қатынаста оған ақпаратты ауызша ұзбей бере отырып, «есту арқылы көруге»

қалыптастыру қажет екендігі белгілі. Нашар көретін және мұлдем көрмейтін балаларды мектепке дейінгі оқыту мекемелерінің басты мақсаты – балалардың бұзылған көру функциясын емдеу, мүмкіндік болса қалпына келтіру, оларды мектепте оқуға дайындау. Сондай-ақ көрудің қалған мүмкіндіктерін пайдалану, танымдық, тұлғалық тұрғыдан дамыту, кеңістікте бағыт ұстау мен өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастыру бағытында коррекциялық жұмыстар жүргізледі.

Нашар көретін және мұлдем көрмейтін балаларды оқытатын мектептің өзіндік принциптері мен міндеттері болады. Атап айтқанда, балалардың бұзылған көру функцияларын қайта қалпына келтіру, коррекция және компенсация. Ал тифлопедагогиканың басты мақсаты – дамуында ауытқушылықтары бар балалардың тұлға ретіндегі жан-жақты толысуы және дамуы. Осыған байланысты нашар көретін балаларды оқытуға арналған мектептердің атқаруға тиіс функциялары бар. Оларды төменгі пирамидадан көруге болады.



Нашар көретін балалар оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайын талап етеді. Егер де нашар көретін бала жалпы білім беретін мектепте оқытын болса оның жұмыс қабілеті басқа қалыпты оқушыларға қарағанда тез төмендей кететіні белгілі. Егер оның үлгерімі оның мүмкіншіліктерінен төмен болса, онда бұл үлгере алмаушылыққа алып келеді. Көру жүйесінің бұзылу деңгейіне, оның белгілеріне, пайда болу уақытына, компенсация мүмкіндігіне байланысты нашар көретіндерге арнайы оқыту мен тәрбие жүйесі құрылған.

Жоғарыда аталған балаларды оқыту жағдайы әлсіз көру қабілетін сақтай алатын, оның көру арқылы қабылдаудың жақсартатын, ауыртпалық түсірмейтін жағдайда болуын тәжірибе көрсетіп отыр. Оған көруді түзетін офтальмолог ұсынған құралдарды қолдану жататыны белгілі, яғни кәдімгі және арнайы көзілдіріктер, жұмыс істейтін жердегі жарық беретін құралдар, арнайы оқулықтар, көру жұмысының күнтізбесін сақтау жатады. Көру қызметінің компенсациясы ретінде оқытудың тифлотехникалық және аудиовизуалды құралдар қолданылады. Оптикалық түзету құралдарынан басқа да есту сақтау құрылғылары бар электронды-оптикалық жүйелер де қолданылады.

Ал олар қайда оқиды деген сұрақ туындауы мүмкін. Көздерінде ақаулары бар балалар арнайы мектеп-интернаттарында, нашар көретіндерге арналған арнайы сыныптарда оқиды. Олармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының әдісі қалыпты жағдайдағы балалармен жүргізілетін әдістерден көп ерекшеленбейді. Нашар көретін балалармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының негізі міндеті – әлсіз көру жүйесін сақтау және де оны әрі қарай жасартуға тырысу. Осыған байланысты нашар көретіндер оқытын оқу бөлмелері жарықпен ерекше қамтамасыз етілуі және оқу бөлмесінің терезелеріне ашық түсті перделер ілінуі тиіс.

Оқу бөлмесінің қабырғалары жасыл және көк түсті бояулармен болғаны абзal. Сонымен қатар, баланың сабақ оқытын орындары да дұрыс ұйымдастырылуы керек. Мәселен отыратын парталар оқу, жазу, сурет салу барысында олардың дұрыс отыруына жағдай жасап, кітап пен дәптерді көзben керекті арақашықтықта қоюға мүмкіндік туғызу керек. Оларға аранайы үлкен әріппен жазылған кітаптар әзірленеді. Жазуға үйрету жолдары арнайы сзықтармен бөлінген дәптерлер қолданылады.

Мұлдем көрмейтіндерге арналған көрнекі оқулықтар балалардың елестетуін дамытуға және көзді сақтауға әсер етеді. Сабақ барысында әртүрлі диафильмдерді, дыбыс жазатын және дыбыс шығаратын көрнекі аппараттарды қолдану оң нәтиже беретіні сөзсіз.

Көзі көрмейтін және нашар көретін баланы тәрбиелеу мен оқытуда жанұядан оның даму ерекшеліктерін, психикалық қызметтерінде қалыптасқан ақаулардың алғашқы жағдайы мен динамикасы, әлеуметтік, оқу және басқа да ақпараттарды білу талап етіледі. Көруі бұзылғандар үшін өзіне тән бағдарлануы дыбысқа реакция беру болып табылады. Көруі бұзылған балаларда дыбыс – бағдар ұстаудың негізгі функциясы [5].

Нашар көретін және мұлдем көрмейтін балаларды оқытудың және оларды тәрбиелеудің кейбір ерекшеліктері төмендегідей:

Баланың жалпы және жеке даму ерекшеліктерін есепке алу, сенсорлық негізде оқу, еңбек, ойын әрекетінің әдістері мен тәсілдерін қалыптастыру, саралау;

Оқу материалын қайта қарау, оның ұзақтығын өзгерту, оқу жүктемесінің көлемін қайта қарау, оқытудың арнаулы әдістері мен формаларын, баланың танымдық қабілеттерінің арасын кеңейтуге арналған оқулықтар мен көрнекі құралдарды, оптикалық және тифлотехникалық құралдарды пайдалану;

Оқу кабинеттері мен сыйыптарды жабдықтау, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, емдік-қайта құру жұмыстарын ұйымдастыру;

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын, әлеуметтік еңбекке бейімдеу жұмыстарын күшайту.

Жалпы, нашар көретін және мұлдем көрмейтін балаларға арналған жалпы білім беретін мектептер үш кезеңнен тұратыны бізге мәлім. Бірінші кезең – бастауыш мектеп, екінші кезең – негізгі мектеп, үшінші кезең – орта мектеп. Бұл кезеңдер бала дамуының негізгі үш кезеңіне сәйкестендірілген. Яғни, балалық шақ, жеткіншек шақ және жастық шаққа байланысты болған.

Отандық ғалым Ф.Ә.Абаеваның еңбектерінде бірінші кезеңдегі мектеп бала тұлғасының қалыптасуына, потенциалдық мүмкіндіктерінің тұтастай дамуына, дамудағы кемшілікті коррекциялауға, емдеуге, көру қабілетін сақтауға бағытталады. Бастауыш мектепте көру қабілетін дамыту, көрмейтіндердің сипап-сезу қабілетін дамыту, кеңістікте бағдарлау, сөйлеу

тіліндегі кемшіліктерді түзету, ритмика, дene тәрбиесі сабактары жүргізіледі. Бастауыш мектептің оқушылары көрнекі-образды ойлау, теориялық ойлау қабілеттерін, оқу әрекетін, есептеу, оқу, жазу дағдыларын, өз-өзіне қызмет етудің қарапайым тәсілдерін игереді. Оқыту мен білім беру арнайы оқу жоспарына сай оқу бағдарламасымен жүзеге асады.

Екінші кезеңдегі мектеп білім алуды жалғастыруши түлек үшін қажетті еңбек дағдыларын игертуге, білімін жалғастыруга жағдай жасауга, қоғамға араласуына көмек көрсетуге бағытталатыны және деңсаулықты нығайту мен танымдық, тұлғалық, қимылдық сфераны түзетуге арналған жұмыстары жалғасады. Ал үшінші кезеңде, кейір пәндерге байланысты өзгертулер енгізілген жалпы білім беретін мектеп бағдарламасымен ұйымдастырылады [6].

Білім берудің негізгі міндеті баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту, өзін-өзі шығармашылық тұрғыда таныта білу мәселесі қолға алынып отыр. Әрине, бұл халыққа білім беру жүйелерінің барлық буындарына, соның ішінде бастауыш буынға және ерекше білімді қажет ететін оқушыларды оқытуда зор жауапкершілікті жүктейді. Себебі білім мен тәрбиенің негізі бастауыш мектепте қаланады. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі он талпынысы мен алғырылығын, сонымен қатар негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталғаны бәрімізге мәлім.

Жалпы, көзі нашар көретін оқушыларға арналған білім беру жүйесін теориялық негізден тәжірибеде тиімді әдістермен толықтыру, нәтижені жинақтау арнайы мектептердің оқытушыларына үнемі ізденуді, өз жұмыстарына шығармашылықпен қарауды қажет етеді. Жоғарыда келтірілген көздерінде ақаулықтары бар балаларды оқытудың кейір ерекшеліктері сөз етілгенімен, осы бағытта әлі талай зерттеулер жүргізу керектігін, атап айтқанда, оқытудың нақты әдіс-тәсілдерін, формаларын анықтауды талап етіп отыр. Мұндағы негізгі мақсат – мүмкіндігі шектеулі балалардың толыққанды өмір сүруіне көмектесу, жеке тұлғаның қасиеттерін жан-жақты дамыту болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. С.Н.Бейсенбекова. Даму мүмкіндігі шектеулі бастауыш сынып жасындағы оқушыларды түзету-дамыту жолдары.// Дефектология. №9(75), 2019ж., 3-бет.
2. Р.Измағамбетова. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың ерекшеліктері. // Дефектология. №8(74), 2016ж., 17-бет.
3. Ж.Хамидуллина. Заман талабына сай қазіргі сабактарға қойылатын тифлопедагогикалық және офтальмологиялық гигиеналық талаптар// Дефектология. №4(46), 2014ж., 7-бет.
4. Л.Н.Манжуова. Мүмкіншілігі шектеулі балалардың дамуының клиникалық ерекшеліктері. Алматы, 2010ж., 109-бет.
5. А.Б.Айтбаева. Арнайы педагогика негіздері. Алматы. 2017ж., 73-бет.
6. Ф.Ә.Абаева, К.Ж.Төребаева, Г.С.Оразаева, Ж.Ж.Картбаева. Арнайы педагогика. Караганды, 2014ж., 141-бет.

Кенжебек АЗАНОВ
«Ф. Оңғарсынова атындағы
№29 жалпы білім беру орта
мектебі» КММ
«Өзін – өзі тану» пәннің мұғалімі
Манғыстау облысы, Ақтау қаласы

**«Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтенуіне
психологиялық ықпал ету жолдары» тренинг**

Манғыстау облысы, Ақтау қаласында 2020 жылдың, қыркүйек айының 14 жүлдезында «Өркениетті келешек» қоғамдық қорының «Періште» орталығында өткен ең бірінші тренинг «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуеттенуіне психологиялық ықпал ету жолдары» атты тақырыпта өтті.

келген білікті психолог:

Акгуль Бектибаевна өткізді. Тренинг барысында

«Мүмкіндігі шектеулі балалармен қалай жұмыстану керек?» екендігі туралы тоқталып кетті. Әрине баламен жұмыстану үшін, ең алдымен ата-анасымен тығыз байланыста болып, өзара сыйластық танытып, ауызбіршілікте жұмыстану керек екендігі туралы айтты. Сол кезде атқарған жұмысының нәтижесіне жете алатындығын айттып, бөлісті.

Мысалы, мүмкіндігі шектеулі балалардың барлығы өздерінің қалыпты дамыған құрдастарымен қарым-қатынасты және әлеуметтік тәжірибелің кеңдігін қажет етеді, бірақ әр баланың дамуына интегративті білім берудің тиімді және пайдалы моделін таңдай, оның барлық жағдайларда арнайы психологиялық-педагогикалық көмегін сактай білу керек. Осы тапсырманы орындау үшін тәжірибеде біріктіріп білім беру моделінің базалық жиынтығы өндеді.

Егер баланың психикалық даму деңгейі өз жасына сай келсе немесе жақын болса, педагогтардың алдында ол баланың әлеуметтік және білімдік сәйкестігінің масимальды қалыптасуына қол жеткізу тапсырмасы тұрады. Бұл тапсырманы шешу үшін баланың сау балалар ортасына **ылғи және толық интеграция**лау пайдалы, яғни біріктіріп оқытудың регламенттелмеген моделі, ол жекеше коррекциялық көмекті сақтау жолдарын қарастырады.



Егер балада қалыпты даму үстіндегі құрастарымен қарым-қатынасқа тұсу, өзара әрекеттесу және білім алу мүмкіндіктері жоғарласа, онда болашақта оның әлеуметтік және білім алу әрекеттестігін ұлғайту тапсырмасы пайда болады. Оларға **ылғыдағы, маңызды, бірақ толық емес интеграция** пайдалы болады. Бұл форма біріккен қызметтің мазмұнын және мінезделуін регламенттейді.

Егер, баланың қарым-қатынасқа тұсу және әлеуметтік серіктестіктері, баладағы дамуының бұзылуымен байланысты қынданыла түссе,

онда бірен-сарапдаған, бірақ ылғидағы интеграция пайдалы болуы мүмкін. Бұл форма біріккен қызметтің ылғидағы үйымдастырылуын қарастырады.

Егер балада қарым-қатынастың және қоршаған ортамен әлеуметтік өзара әрекеттестігінің минимальді мүмкіндігі болса, оған қарым-қатынасқа түсудің бастапқы тәжірибелік жағдайын жасау талап етіледі. Бұл балаларға да жалпы ағымға қосылу қажет, бірақ ол үшін **бірен-сарапдаған және уақыттық интеграция** ғана пайдалы болуы мүмкін. Бұл модель балаларды нақты, бірақ ұзақ емес уақытқа біріктіруді қарастырады. Базалық модельдерді қарастыра отырып, біз интеграцияны үйымдастыру әр баланың дамуына және кемістігінің деңгейіне байланысты сау балалармен біріктіріп оқытудың тиімді және пайдалы модельін таңдай алатындығымызды көре аламыз. Арнайы білім беретін мекемелерде дамуында ауытқушылығы



бар балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру педагогикалық дайындықты жүзеге асырады. Өмір қызметтілігінде барьерсyz ортамен қамтамасыз етіледі. Арнайы мектептерде балаларды оқыту және оларға білім берудің мақсаттарының бірі оларды әлеуметтік интеграциялау (қоғамға кіруге дайындау). Бірақ арнайы мектепке дейінгі мекемелерде және арнайы мектептерде бала әлеуметтік әрекеттестіктің нақты тәжірибесін жинауда шектеледі және мәселе мүмкіндігі шектеулі баланың қалыпты дамудағы құрдасымен серіктесуге дайындығында емес.

Қазірдің өзінде арнайы білім беретін мекемелер мынаған қабілетті:

- мүмкіндігі шектеулі балаларға мамандандырылған консультативті көмек көрсету үшін аз уақыт аралығында оқылатын топтар мен сыныптар ашу;
- мектепке дейінгі мекемелерде толықтыруышы түрдегі аралас топтарды ашу, бұл жерде бір уақытта қалыпты балалар және мектепке дейінгі жастаға нақты бір дамуында ауытқушылығы бар балалар тәрбиеленіп, білім алады;
- қалыпты дамудағы балалармен дамуында ауытқушылығы бар балаларды тәрбиелейтін және білім беретін арнайы мектепке дейінгі мекемелердің және мектептердің қайта құру.



Жалпы білім беретін және арнайы білім беретін мекемелердің шекаралары өткізгіш болуы керек, оқшаулану тосқаулылын жеңе білу керек. Әрбір «ерекше» бала өзінің конституциялық құқығын қолдана алың керек, яғни білім беру мекмессінің қай түрінде болмасын білім алу, соған қоса жалпы мектепке дейінгі білім беру мекемелері немесе мектептер. Арнайы білім беру мекемелері дамуында кемістігі бар, жалпы білім беру мекмессінде білім алуға қабілетті балаларға, сонымен қатар бұрын білім алуға қабілетсіз деген, құрделі кемістігі бар балаларға қажетті жекелей көмекті ұсынулары керек. Әрине, үйымдастырушылық қындықтар қалады, жаңа жағдайда әр түрлі балаларға көмек көрсетудің әдістемелік мәселелері шешілмеген, ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасау сұрақтары өндөлмеген. Топтың штаттық кестесіне коррекциялық білім беруді жүзеге асыру үшін дефектолог-мұғалімі кіргізіледі. Аралас

топтың толуы баланың жасына және біріншілік кемістігінің сипатына байланысты. Арапас топтардың жұмысын ұйымдастыру барысында бір қатар спецификалық тапсырмалардың шешуін қарастыру керек:



- дамуында ауытқышылығы бар оқушылардың толық әлеуметтік және білімдік интеграциясын жағдай жасай отырып қалыпты балаларға қосуды ерте жүзеге асыйру;
- дамуында кемістігі бар балалармен коррекциялық-педагогикалық, медико-психологиялық және әлеуметтік жұмыстар жүргізу;
- жас нормасынан артта қалған, бірақ айқандалған біріншілік кемістігі жоқ балаларға қажетті коррекциялық-педагогикалық көмек көрсету;
- ата-аналарға психологиялық көмек көрсету, оларды тәрбиелеудің әдіс-тәсілдеріне және білім беруге, өз баласымен қарым-қатынас жасауға педагогикалық технологияларға үйрету. Ендеше, осы тренингтен үйренгенім өте көп. Болашақта өз тәжірибемде қолданамын. Осы орайды пайдаланып, «Өркениетті келешек» қоғамдық қорының «Періште» орталығының басшысы: Карабалина Гулбаршын Аманкосовнаға және «Қазақстан әйелдері» ҚБ ұйымдастырымынен, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру шеңберінде «Бала және денсаулық» жобасының аясында осы тренингті ұйымдастырған әріптестерге алғысым шексіз. Жұмыстарыңызға шығармашылық табыс тілеймін.



«Балдәурен» бөбекжай-бақшасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Петропавл қаласы
Ескендирова Майраш Абуовна

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМ ТҮРЛЕРИМЕН ТАНЫСТАРЫУ

Бағдарламалық мазмұны: қазақтың ұлттық киімдерінің түрлерімен, соның ішінде әйел мен ер адамдардың киімдерімен таныстыру. Киімдерге қатысты түсініктер мен сөздерді есте сақтау қабілеттерін дамыту. Коршаган ортаға деген қызығушылықтарын арттырып, ұлттық салт-дәстүрге деген ынта сезімін, өзара сыйластық пен достыққа тәрбиелеу.

Қостілділік компонент: ұлттық киімдер - национальная одежда, ата – баба – предки, кездеме – ткань, зергерлік бұйымдар – ювелирные изделия, туған жер – родной край.

Құрал – жабдықтар: қазақтың ұлттық киімдері бейнеленген суреттер, бала – қыыршақ, ала жіп, қайши, шашу, әр түрлі қима оюлар. (Бөлме іши қазақы тұргыда безендірілген)

Мотивациялық – қызығушылық кезеңі

Шаттық шенбері.

Шеңбер болып тұрайық,

Алақанды ашайық.

Күннің нұрын алайық,

Таза ауаны жұтайық.

Жүрекке жылу салайық,

Мейрімділік шоғын алайық.

Жиналган жылы шуақты,

Таратайық аймаққа!

Ұйымдастыру – іздестіру кезеңі.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін сендер ерекше киім үлгілерін көріп отырсындар. Олар әртүрлі, өздері сондай әдемі. Бұл қандай киім деп ойласындар?

Балалар: Біз қазақтың ұлттық киім үлгілерін көріп отырмыз.

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар. Ендеше бүгін біз қазақтың ұлттық киімдері жайлы әңгімелесеміз. Олай болса, менің сұрақтарыма жауап беріңдер.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыста ауа-райы қалай өзгереді?

-Қыс айларын атандар

-Қазақтың ұлттық ойындарын атандар.

-Ұлттық тағамдарын білесіндер ме?

-Ұлттық бұйымдарды атап беріңдер.

(Топқа жүгіріп ұл бала келеді)

Бала: Алақай, алақай! Біздің үйде той болады. Келініздер! Келініздер!

Тәрбиеші: Балалар, тойға дайындықпен бару керек. Ол үшін сендер менің әңгімемді тындандар.

-Мына көрмедегі киімдер ерте заманда ата-бабаларымыз киген киім үлгілері.

Сәүкеле қыз бала ұзатылғанда арнайы тігілетін бас киім. Сәүкелені алтын, күміс, маржан қымбат тастармен әшекейлейді. Төбесіне үкі таққан, екі жағында салбыраған шолпысы бар.

Ерлер бас киімі – айырқалпақ. Ол жұқа киіз немесе қалың мата салынып тігіледі.

Тақия. Ерлердің жеңіл бас киімі. Тақияны пұлшытен, ал астарын жібек сәтеннен тігеді.

Кимешек. Оны әйел адамдар киеді. Кимешек кио инабаттылқа, тазалыққа тәрбиелейтін салттың бірі.

Қамзол. Бұл әйелдердің киімінің бір түрі. Оны қөйлек сыртынан киеді. Ол барқыт, пұліш, мақпал сияқты асыл сапалы кездемелерден тігіледі, қазақы оюмен өрнектеледі.

Шапан. Аталардың киетін киімі. Қымбат матадан тіккен. Етек – жеңіне жібек жіппен өрнектеп ою салған. Бұл шапанды тойға киеді.

Саптама етік. Ішіне киізден астар салып, былғарыдан тігілген жылы аяқ киім.

Мәсі. Оны да былғарыдан тігеді.

Сергіту сәті: Тымақ киіп басыма,

Иыққа шапан жабайық.

Тізілген маржсан тасы бар,

Қаусырыма белдік тағайық .

Етек женде жинақтап ,

Төрден орын табайық. (Ұл балалар малдас қуып, қыз балалар аяқтарын жинақтап отырады)

Тәрбиеші: Міне, балалар, сендер енді қазақтың ұлттық киімдерінің түрлерін білетін болдыңдар.

Жарайсындар, балалар. Біз енді әжеміздің үйіндегі тойға жету үшін үш қақпадан өтуіміз керек.

(Балалар жолға шығады, қақпага келеді)

Бірінші темір қақпаның тапсырмасы.

-Ерлер киімін ата.

-Әйелдер киімін ата.

-Зергерлік бұйымдарды ата.

Балалар: Ерлер киімі – айырқалпақ, тақия, шапан, саптама етік.

-Әйелдер киімі – сәүкеле, кимешек, қамзол.

-Зергерлік бұйымдар – алқа, сырға, сақина, білезік.

Екінші құміс қақпаның тапсырмасы.

Дидактикалық ойын: (Сыңарын тап).

Ойыншының шарты: балаларға оюлардың жартылары салынған қағаздарды үлестіру. Сол оюдың жартысын әуең тындал жүріп табу. Токта деген белгі бойынши, әр ою өз сыңарын табу тиіс. Балалар, оның қандай ою екенін, түр түсін әңгімелеп береді. Ал сыңарын таба алмағандар ойынның шарты бойынша өлең немесе таппақ айтады.

Үшінші алтын қақпаның тапсырмасы. Туган жер, Отан турал мақал-мәтелдер айту керек.

-Туган жердей жер болмас, туган елдей ел болмас.

-Отан оттанда ыстық.

-Отансыз адам, ормансыз бұлбұл.

-Отанды сую от басынан басталады.

- Отанды сүйген отқа жанбайды, суга батпайды.

Балалар әженің аулына келіп жетеді, оларды әже қарсы алады.

Әже : Бәрекелді бағанада күткен қонақтарымыз келді. Қош келдіндер! Қонақтар тойға дайындықпен келген болар.

Тәрбиеші: Эрине біздің балалар сіздерге киімдерге қатысты қазақтың тыйымдары мен ырымдарын айтып береді, ал сіздер естеріңізге сақтап алыңыздар.

1-бала: Кіімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді. Оң қолдан киімді киу, жақсы ырым болып саналады.

2-бала: Көпшіліктің алдында жалаңаш жүргуге болмайды. Бұл әдепсіздік болып саналады.

3-бала: Кіімнің жағасын басуға болмайды, жаман ырым болып саналады.

4-бала: Кіімді желбегей жабылмайды, өйткені екі қолы жоқ адамға желбегей жамылады.

5-бала: Бас кіімді тебуге, лактыруға, теріс киуге болмайды. Жақсылықтың бәрі адамның мандаудына жазылады, сондықтан да бас кіімнің орны ерекше. Бас кіімді әрқашан таза, ұқыпты ұстап, босаға емес төрге ілу керек.

6-бала: Аяқ кіімді төңкеріп қоюға, теріс киуге болмайды. Мұндай жағдайда адамның жолы болмайды жамандыққа ұшырайды.

Әже: қандай білімді баласындар . Бүгін сендер (Тұсай кесу) тойына дәл келдіңдер. Олай болса мен міндетіме кірісейін.

-Келін, әкеле ғой немеремді мұнда.

Тоқ ішекпен кескенім,

Тоқшылық болсын дегенім.

Көк шөппен кескенім,

Көктей көгерсін дегенім.

Ала жіппен кескенім,

Адал болсын дегенім. (*Tұсай кесе отырып айтады*)

Қаз-қаз балам қаз балам,

Қадам бассаң мәз болам.

Қадамыңа қарайын ,

Басқаныңды санайын. (*Tұсай кесіп болған соң айтады*)

Әжеге сыйлық беріледі, шашу шашылады.

Ата бата береді: Құлыштандай құлдырып жүгірші,

Кәнеки өзінді сына да.

Секірсөң ешқашан сұрінбе.

Шыңдарға шыққанда бүгілме.

(Балаларда алақандарымен беттерін сипайды)

Рефлексиялық-түзетушілік

Тәрбиеші: Ал, балалар біздің де бақшамызға оралатын кез келді. Балабақшага барғанша әңгімелесіп барайық.

-Балалар бүгін біз қайда бардық?

-Нелер жайында білдік?

-Сендерге кімнің жауабы ұнады ?

-Балалар міна балабақшамызға да келіп жеттік. Бүгінгі қүнге мен өте ризамын, өйткені, сендер өздерінді жақсы көрсеттіңдер. Іс – әрекетімізді әдемілеп аяқтайтын кез келеді.

(Балалар шенберге тұрып жылулық шенберін жасайды)

Осындағы ойын-сауық бола берсін,

Үй іші той думанга тола берсін.

Өмірдің гүл жайнаған жсанатындаі,

Бақшага бақыт құсы қона берсін!

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: жалпы киімдер жайлар қарапайым түсініктер.

Қандай түсініктерді игерді: қазақтың ұлттық киімдері және оның түрлері, соның ішіндегі әйел мен ер адамдардың киімдері туралы түсінікті игерді.

Менгерген дағдылықтары мен іскерліктері: киімдерге байланысты ырымдар мен тыйымдарды дұрыс айта білу, берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындаі алу, өзара сыйластықты орната білу дағдылары мен іскерліктерін менгерді.

Раханова Бота Сексенбаевна
I.Жансүгіров атындағы мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар
№37 жалпы білім беретін орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Мениң жүргімнің мектебі

Кешегі Алаш арыстарының жалғасы ретінде осындағы киелі мамандықтың тұтқасынан ұстазданым үшін қеудемді қуаныш кернейді. Әуелі Аллаға арқа сүйеп, соナン соң Абай атамыз айтпақшы, өзіме сеніп бастаған мұғалім атты мэртебелі мамандықта еңбек еткелі 26 жыл өтіпті. Алматы облысы Талғар ауданы, Жаңалық ауылы №37 I.Жансүгіров атындағы мектепте тарих пәнінің, I санатты мұғалімімін. Оқушы - ұстаз жүргегі болса, мектеп ұстаздың жүргегі болмақ, демек менің жүргімнің мектебі. Ұстаз деген ол – әрбір адамның жүргегінен орын алған қасиетті ұғым. Жас ұрпақты әр қырынан танып, сауатын ашатын, ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтін адам. Абай атамыз балаға мінез, үш алуан адамнан жүғады: бірінші- ата-анаынан, екінші – ұстаздан, үшінші- досынан деген екен. Балаға қалыптасқан бірінші мінезі отбасындағы ата-анаын балаға берген тәрбиесі. Атаның ақылын тыңдалап, әженің әлді мен өнегесін естіп өскен әрбір ұрпақ үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алады.

Екінші ұстазынан жүғады дегені, мұғалім балаға білім мен қатар тәрбиені де бере біледі. Баланыны қыншылықта жеңе білуге, өзгенің қуанышына ортақ бола білуге үйретіп келемін. Алғашқы ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Балалармен ашуланбай, байсалды сөйлесу, әр пәнді бар ынтамен, пейілмен, қарапайым тілмен түсіндіру керек»- деген сөздер менің өмірлік ұстанымым. Балаларды ана тілінде еркін сөйлеп, өз ойын анық жеткізуді үйретіп, сәби жүргегіне сөзді қонымды жеткізе білу үшін күнделікті өткізілген сабактар мен шығармашылық жұмыстарым, іс-әрекеттер жақсы, әрі қызықты, сәтті өткізе отырып, оқушының болашақ өміріне деген қажетті дағдыларының бастамасына жол аша білдім.

Ұстаздық мамандығының қазіргі таңда қызығы мен қындығы қатар жүретіні айдан анық. Арқасына артылған ауыр жүті, мол жауапкершілігі, міндеті айта берсең өте көп. Өзіме артылған міндет пен жауапкершілікті дұрыс атқара алmasам, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие бере алmasam, содан өткен сорақылық жоқ. Ұстаздық жолында биік белестерді бағындырып, алдағы қындықтарды мойымай, қасқая қарсы тұрып, өз іскерлігімен көрсете білсе, міне ұстаздың еккен егінінің жемісі, өзінің білім берген – шәкірттері болып табылмақ. Ұстаз - бағбан болса, шәкірт - жеміс іспеттес. Бағбан ағашты құтіп баптаса, шықкан жемісінің өсіп – жетілуі, шәкіртінің білімді болуымен пара – пар.

Мен қандай мұғаліммін? «Ұстаз мектептің жүргегі» болу қасиеті менің бойынан табыла ма? Міне осындағы сауалдарды бой елегінен өткізе отырып, алдымда отырған қаракөз шәкірттеріме жаңартылған білім мазмұнына сай сапалы білім мен саналы тәрбие бере білдім. Қазақ елінің болашағы, шамшырағы бола білетін жас шәкірттерімді білімді етіп тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етудемін. Жас ұрпаққа біліммен тәрбиені, ұлттық құндылықты, адамгершілік пен жауапкершілікті бойына сіңіріп, дарыта білу бірден бір асыл қасиет.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Жаңа ғасыр, жаңа заман талабына сай ұстаздар үнемі ізденіс үстінде болу керек» деген болатын. Елбасы айтқандай қазіргі жаһандану дәуірінде үнемі ізденіс үстінде болып, шығармашылықпен жұмыс жасап, шәкірттеріме аянбай білім беріп келемін! Мақсаты айқын болса, қазақ елінің болашағы жарқын болары анық. Үштілділік, латын әліпбайіне көшу, цифрлық сауаттылық, білім мазмұнының жаңаруы жолында, әрбір ұстаздың шығармашылық

ізденісі мен талпынысы арқылы іске асады. Жаңартылған білім беру жүйесінің басты мақсаты – өзгермелі қоғамда өмір сүрге икемді, өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білуге, шығармашылықта бейім, бәсекеге қабілеті, жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту мен көшбасшылыққа тәрбиелеу болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқыту мен оқу тәжірибесіндегі жаңа әдіс - тәсілдердің тиімді жақтарын көрсетіп, оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуіне, олардың функционалдық сауаттылығы мен танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етіп, қажымай талмай еңбектенудемін.

Қазіргі таңда технологияның ғарыштап дамыған кезеңінде «Заманауи ұстаз - модели» қалыптасуы керек. Жаңартылған білім беру мазмұнын сапалы және тиімді түрде жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Ең әуелі жаңартылған білім мазмұны бойынша арнағы курстан өтіп, әріптестердің сабактарына қатысып, өзара әдіс – тәсіл алмастық. Түрлі семинарларға, онлайн конференциялар, қашықтық олимпиадалар мен зерттеу жұмыстарына қатысып өз білімінді көтеріп отырдым. Семинарлар, тренингтер өткізіп, Redx, tedx конференцияларға қатысумен қатар, өткізуі қолға алдым. Осы бағытпен түрлі семинарлар мен конференцияларға қатысып, өзімнің кәсіби өсу деңгейінді көтердім. Соның нәтижесінде өзім үйреніп қана қоймай іс – тәжірибемді, жаңартылған білім мазмұнына сай оқушыларға тереңірек білім беруде әрбір тақырып төнірегінде әдіс – тәсілдермен, ресурстарды тиімді қолданудамын. Әрдайым білімінді жетілдіріп, әлемдегі болып жатқан өзгерістерді үйренуге талпынып, заманауи үлгідегі ұстаз ретінде өзімді алға жетелеймін. Білімінді жан-жақты жетілдіріп, шығармашылықпен жұмыс жасаймын. Мектебімнің мәртебесін көтеру үшін, әрдайым шығармашылықпен жұмыс жасап, жас мамандарға, әріптестеріме өз іс-тәжірибемді бөлісіп, өз білгенінді үйретудемін. Ақпараттық технологияны еркін менгере отырып, болашақ жастарға әлемдік кеңістіктегі болып жатқан өзгерістерді таныстырып, хабардар етіп, білімдерін шындауына жол аша білдім. Әлемдік деңгейде болып жатқан коронавирус індетіне қарамастан, оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелеп, өзімді де шындаі түстім. Шығармашылық пен ізденімпаздық жарқын болашаққа жетелейді. Сондықтан мұғалім кәсіби білімін жетілдірген жағдайдаға оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамытып, ғылымға деген қызығушылығын қалыптастыра алады.

Мектебімнің жүргімнен орын ала білген шәкірттерім, мектебімнің мақтаныштары. Олимпиадалға, ғылыми зерттеу жұмыстарына, түрлі жарыстарға қатысып, жұлделі орындаға иелене отырып, өз шығармашылықтарын жоғары деңгейде көтере білді.

Болашағы жарқын елдің ұстазы да дарынды, арманы асқақ, мақсаты айқын болмақ. Керемет ұстаз, шәкіртінің жүргінен орын алады. Даны да, ғалым да, Елбасы да осы ұстаздан тәлім алғаны, ұстаздың берген білімі мен болашаққа деген жарқын көзқарасының арқасында осындаі тұлға болып қалыптасуы қалыпты құбылыс. Ендеше ұстаз есімі мәңгі өшпес есім. Әр жанның жүргінің түкпірінде ұстазға деген құрметінің бары анық. Ұстаз деген атқа лайықты тұлға болып, болашақтың кірпіші болып қаланар жас ұрпақтарға сапалы білім беру. Өзінде бар білімді шәкіртіңің бойына дарыта отырып, солардың жетістігін көру арқылы қанаттанасың. Ұлы ұстаздың ұлағатты есімі, мәңгі өшпесін!. Ұстаздың өшпестей артында қалдырап ізі, шәкірттерінің жетістігі. Алар асуымыз, жетер биігіміз, ұшқыр ойымыз, шығармашыл шәкіртіміз, жаңашылдыққа жаны құмар ұстаздың симболы болмақ. Қазақ еліміздің болашағы жарқын, тәуелсіздігіміздің туы мәңгілік желбіреп, көгілдір аспанымыз әрдайым ашық болсын! Сапалы ұстаз – сапалы болашақ кепілі, мектептің жүргегі екені айдан анық.

Ұстаздық ілім

Білім нәрін қүйдым да, санасына,
Алты Алаш қазағымның баласына.
Ақыл-білім үйреткен адалдықты ,
Түйсө жақсы әр бала санасына.
Қазақтың ғұлама ойшыл данасыда,
Шешен би игі жақсы ағасы да.
Болашақ қамы үшін, өнер білім
Мұрағып кеткен жоқпа баласына.
Мен дағы білімінді аямадым,
Жас үрпақ сенде үйрен аянбаған.
Қазақ елі атанбақ «Мәңгілік ел»
Білімің саған болар сая бағын.
Болмасын қазақ елім күнің мұнды,
Болмасын басқа елге тілім мұнды ,
Сақтауға әдет ғұрып салт дәстүрін,
Үйретем бойымда бар білімді.
Оқу оқы, білім ал жас шағында,
Қызықты ойын ойнап, құмарланба,
Жасампаз мәңгілік ел, ұландары,
Болашағы еліңнің өз қолында.
Жасампаз «Мәңгілік ел» ұландары,
Қанатын кең сермеген қырандары.
Еліңнің болашағын терең ойла,
Жүзеге асыр, болмасын ұран бері.
Талмасын қанатынды көкке серме,
Шындаі түс білімінді десте берме.
Тату бол, бірлікшіл бол, алауыз боп,
Бір-біріңе өрмекші торын өрме.



**Түркістан облысы Тұлкібас ауданы Т.Рысқұлов ауылы
А.Пушкин атындағы ақпараттық
технологиялар мектеп-лицеі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Боранбаева Афузада Алпысбаевна**

Сынып: 8	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Бөлім:	Абайдың қарасөздері	
Сабактың тақырыбы:	Жетінші сез	
Осы сабак арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау;	
Сабак мақсаты:	Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау, салыстыру;	
Құндылықтарды игерту:	«Мәңгілік ел» жалпықоғамдық құндылығы: -Тіл мен мәдениет; -Өмір бойы білім алу; -Топ мүшесі ретінде жүктелген жауапкершілікті сезіну; -Топтық және жұптық жұмыста ынтымақтастықпен жұмыс жасау Аталған құндылықтар сабак тақырыбы арқылы оқушылардың топтаса және жеке отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өндей білу, өзіндік көзқарасын дәлелдей алу дағдылары негізінде жүзеге асады.	
Пәнаралық байланыс:	Тарих, қазақ тілі, география	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды оқулық, интерактивті тақта	
Бағалау критерийлері:	Қарасөздердің мағынасын түсіне алады. Қарасөздерге қатысты сұрақтарға өз пікірін білдіре алады.	
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: автор үні, оқырман сезімі, шығармадағы құндылық. Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Менің ойымша ... Менің пайымдауымша ... Қорыта айтқанда ..	
Дифференциация	Оқушылардың барлығы әдеби шығарманың жанрын, фабуласын анықтай алады. Оқушылардың көпшілігі қарасөздердің идеясы мен тапсырмада берілген сөздердің мағынасын түсіндіре алады. Оқушылардың кейбіреуі сұрақтарға қатысты өз пікірін анық, дәлелді жеткізіп, ерекше ойлар айта алады.	
Осылан дейін менгерілген білім	Абай өлеңдері	
Сабак барысы		
Жоспарлана-тын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Ресурс

Сабактың басы 5 минут	<p>Қызығушылықты ояту</p> <p>1.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу</p> <p>2.Психологиялық ахуал</p> <p>«Сатамын және сатып аламын» тренингі</p> <p>Оқушыларды шенбер бойымен тұрғызу. Шенберде тұрған қатысушы қасындағы көршісіне өзінің жағымсыз қасиетін сатып, оның немесе ертегідегі кейіпкерлердің жақсы қасиетін сатып алады. Мысалы, «Мен еріншектігімді саған сатып, сенің шыншылдығынды сатып аламын»</p> <p>Оқушыларды топқа бөлу.</p> <p>Әр оқушының бір-бір заты алғыншылар, қорап ішіне салынады да, араластырылып, мұғалім заттарды төрт партаның үстіне ретсіз қояды. Әркім өзінің заты тұрған партага барып отырады.</p> <p>Бүтінгі сабағымыздың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру;</p>	
Сабактың ортасы 30 минут	<p>Қызығушылықтарын ояту</p> <p>«Конверттегі сұрақ» тәсілі</p> <p>Абай өлеңдерден басқа тағы қандай шығармалар жазған?</p> <p>Ақынның қарасөздерінің саны қанша?</p> <p>Абайдың қарасөздері қандай тақырыптарды қамтиды?</p> <p>Абай қандай әдеттерден аулақ болуға шақырады?</p> <p>Абай қандай қасиеттерді насиҳаттайты?</p> <p>Ақынның қарасөздері қандай туынды?</p> <p>Тапсырмалар:</p> <p>1) Жұппен, топпен жұмыс Қарасөзді жұбымен оқиды. Топта бір оқушы түсіндіреді.</p> <p>2) Топпен жұмыс <i>I mon</i> Қарасөздің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.</p> <p><i>I mon</i> Абайдың «Жетінші сөзінің» мазмұнын тірек сыйба арқылы көрсетіндер.</p> <p>III mon Қарасөзді оқып, жұпта талдап, мазмұнын сыныпқа айту.</p> <p>3) «Ақпаратты сұзіп ал» Абайдың «Жетінші қарасөзінің» мазмұны бойынша негізгі тірек сөздерді жазу.</p> <p>Дескриптор: қарасөздің мазмұнын түсінеді; идеясын ашады; негізгі тірек сөздерді табады.</p> <p>Жеке жұмыс «Буриме» әдісі Әдіс бойынша төрт жолды өлең құрастыр.қалышты,барыпты.айтып,өтіпти.</p> <p>Дескриптор: 1.Берілген етістіктерден өлең құрастырады. 2. Ұйқасын сақтайты</p>	<p>https://bilimland.kz/kk#lesson7906</p> <p>Электронды оқулық</p>   

	3. Тілдік құралдарын саралайды				
Сабактың соны 5 минут	<p>Кері байланыс. Баспалдақтарға сабак туралы пікір қалдыру</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="padding: 5px; width: 33%;">Шығарма несімен үнады?</td> <td style="padding: 5px; width: 33%;">Сабактан алған әсерін?</td> <td style="padding: 5px; width: 33%;">Түйінді ой</td> </tr> </table> <p style="text-align: center;">«ТАБЫС САТЫСЫ»</p>	Шығарма несімен үнады?	Сабактан алған әсерін?	Түйінді ой	A-4 форматты қағаз
Шығарма несімен үнады?	Сабактан алған әсерін?	Түйінді ой			

Солтүстік Қазақстан облысы
Петропавл қаласы
Мектепалды даярлық сыннып
Тәрбиеші Абуева Фариза Кайроленовна
Ұйымдастырылған оқу қызметі:
Коршаган ортамен танысу

Тақырыбы: «Менің отбасым»

ҰОҚ Коршаган ортамен танысу		
№ 1 ТАҚЫРЫБЫ: Менің отбасым		Мектеп/МҰ: «21 орта мектеп» КММ
Саны:9		Педагогтің аты-жөні: Абуева Фариза. Кайроленовна
СЫНЫП-ТОП: Мектепалды даярлық	Қатысқандар саны:9	Қатыспағандар саны:-
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары	0.1.1.1. Отбасындағы өзара тату қарым-қатынастың маңызын түсініп, отбасы мүшелерімен бірлесе жұмыс жасау.	
Күтілетін нәтиже	<p>Барлық тәрбиеленушілер: Өзінің отбасы олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы айта біледі. Отбасы мүшелерінің өзара тату қарым-қатынаста болу керектігін түсінеді.</p> <p>Көпшілік тәрбиеленушілер: Ата-аналарының қамқорлық жасайтынын түсінеді. Қандай істі болмасын отбасы мүшелерімен бірлесе атқару керектігін біледі.</p>	

	Кейбір тәрбиеленушілер: Сурет бойынша әңгіме құрастырады. Отбасы мүшелеріне деген ізгі қарым-қатынас болу керектігін біледі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін түсінеді.	
Тілдік мақсат	<p>Тәрбиеленушілер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Отбасы, туыстық, қарым-қатынас, отбасы мүшелерінің міндеттері туралы түсінік берे біледі. – Өзінің отбасы туралы айтып бере алады. <p><i>Көптілділік:</i> Отбасы – семья – famili</p> <p>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Эке, ана, ата, әже, аға, іні, әпке. <i>Пікір алмасу сұрақтары.</i></p> <p>Отбасындағы әке мен ананың айырмашылығы қандай? Отбасыларымен қайда қыдырып бардындар? Отбасыларына қандай көмек көрсетесіндер?</p>	
Откен ҰОҚ-дан алған білім	Отбасыларын атай білуі	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстар
6 – 27мин I. Дұрыс әсерлі көңілкүй орнату. II. Өмірлік тәжірибелі маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин ҰОҚ-ның ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6 – 27мин.	<p>Шаттық шенберіне тұрып, балалар төмөндегі өлең жолдарын айтады:</p> <p>Біздің отбасы</p> <p><i>Алақаны аялы, Анам бар жсаны саялы. Кешіре білген кінәмді, Әкем бар менің шыдамды. Шалғы тартқан шалғында, Ағам бар менің алдыымда. Жақсылықта талпынган, Інім бар менің артымда.</i> Б. Кірісбаев</p> <p>(ПТ, Ұ) – Бүгін отбасы туралы әңгімелесеміз. Айтындаршы, отбасы дегенді қалай түсінесіндер?</p> <p>(Т) Балаларды екі топқа бөлу: ересектер; балалар. Әр топ отбасындағы ересектер мен балалардың міндеттерін айтады.</p> <p>(ПТ) Балаларға түсіндіру: Отбасы – туыстық қатынастағы және бірге тұратын адамдар тобы. Олар: атасы, әжесі, әкесі, анасы, балалары.</p> <p>- Енді өз отбасыларың туралы әңгімелеп беріндер.</p> <p>(Ұ) Әр бала өз отбасылары туралы әңгімелейді.</p> <p>(ПТ) Сөздік жұмысын жүргізу.</p> <p>Көптілділік: Отбасы – семья – famili Таспадан сөздерді тындаиды, қайталайды.</p> <p>Дәптердегі 1-тапсырма бойынша фотосуретте кімдер бейнеленген?</p> <ul style="list-style-type: none"> – Отбасы мүшелерін ата. – Осы отбасы мүшелеріне есімдер қояйық. • Айсұлудың неше әпкесі, неше ағасы бар? • Айсұлудың отбасындағы туыстар арасындағы қарым-қатынас қандай деп ойлайсың? – Эрқайсысының отбасында неше адам бар? – Әкенің, әженің, атаның, ананың есімдері кім? – Сендердің неше аға, әпкелерің бар? 	

	<p>Ата-анаң саған қандай қамқорлық жасайды? Өзің үлкендерге қалай көмектесесін?</p> <p>– Олардың есімдері кім?</p> <p>– Сендер ата-аналарыңа көмектесесіңдер ме?</p> <p>– Сендер ата-аналарыңа қамқорлық жасайсындар ма?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Отбасы үлкен де, шағын да болуы мүмкін. Ең бастысы – отбасында әрқашан тыныштық, достық, сыйластық, бір-біріне деген сүйіспеншілік болуы қажет. <p>(Ұ, Ә) Үнсіздік ойыны. Балалар жайланаң отырып, көздерін жұмып, өздерінің отбасы мүшелерін, үйлерін көз алдарына елестедеді.</p> <p>(Ә) Дәптердегі 2-тапсырма бойынша отбасы мүшелерімен бірлесе жұмыс жасау. Жеті ата туралы түсінік беріледі:</p> <p>Жеті ата – қазақ халқының адамның ата жағынан тегінің таратылуы. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы т.б., яғни жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. 1 – бала, 2 – әке, 3 – ата, 4 – арғы ата, 5 – баба, 6 – түпкі ата, 7 – тек ата.</p> <p>Жеті атаниң ішінде сендер кімсіндер? (Бала). Үйге тапсырма: ересектердің көмегімен жеті аталарапыңын нақты есімдерін біліп келу.</p> <p>(Ұ) Қол сергіту сәті: «Кел, санайық»</p> <p>Үйде нешеу еkenбіз?</p> <p>Кел санайық екеуміз:</p> <p>Бас бармағым – папам, Балаң үйрек – апам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шұмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз.</p> <p>(Ұ) Тапқырлыққа арналған ойын ұсыныңыз.</p> <p>«Жылы лебіз» дидактикалық ойыны</p> <p>Ойын шарты: ойынға барлық балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортаға бір бала шығады, оның қолына доп ұсынылады. Бала допты кез келген бір балаға лақтырады, допты қағып алған бала отбасы мүшелеріне арналған тілекті айттып, допты кері лақтырады.</p> <p>Дәптердегі 3-тапсырма бойынша отбасы мүшелерінің суреттерін ретімен орналастырады. Орналастыру себебін айтады.</p> <p>Ағаштың тамырынан бастап, отбасы мүшелерінің суреттерін жапсыру. (Ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, мен, іні, қарындас).</p> <p>Д/о: «Отбасы мүшелерін ата»</p> <p>Ойын шарты: ойынға қатысушы барлық балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортаға жүргізуі шығады. Оның қолына доп ұсынылады. Жүргізуі допты кез келген бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала отбасы мүшесін білдіретін бір сөзді айттып, қайтадан жүргізуіге лақтырады. Мысалы: әже, ата, әке, ана, сінлі, қарындас, аға.</p>	
--	--	--

More support will be given in the form of speaking prompts, gestures, and additional questions. Low level learners are supported asking simple questions; high level learners check the answers.	Peer assessment, Pair assessment, self- assessment, monitoring.	Clean classroom, psychologically positive environment Physical training, dancing

**Имантаева Нургуль Мухтарбекқызы
Алматы қаласы, Әуезов ауданы,
№5 мектеп – гимназия КММ
қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мұғалімі**

Пән: Қазақ тілі	Мектеп: №5 мектеп – гимназия КММ	
Күні: 26.11.2019 жыл.	Имантаева Нургуль Мухтарбекқызы	
Сынып: 6	Қатысқандар саны: 22	Қатыспағандар
Белім: Астана- мәдениет пен өнер ордасы	Тақырыбы: Астана – әсем қала. Диалект сөздер.	
Сабак негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	<p>О. 6.2.6.1 - оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау.</p> <p>Ж. 6.3.6.1 - мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау;</p>	
Сабак мақсаттары	<p>Барлық оқушылар: Тірек сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып мәтін жазады.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: Тірек сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, күрылымы дұрыс жинақы мәтінді бестік диктант түрінде жазады.</p> <p>Кейбір оқушылар: Оқылым, жазылым бойынша алынған ақпараттарды жинақтай отырып, өз бетінше тұжырым жасай алады, мәтінді түзетіп, сарапайды.</p>	
Бағалау критерийлері	<p>тірек сөздерге сүйене отырып, мәтін мазмұнын түсінеді; -мәтіндегі негізгі ойды анықтап, пікірін білдіреді; -оқылым материалдары бойынша бестік диктант жазады; -мәтінге сай өзіндік ой-пікірлерін төрт сөйлем түрінде тұжырымдайды;</p>	
Тілдік мақсат	<p>Негізгі сөздер мен тіркестер: диалект, Астана, бәйтерек, Қазақстан.т.б</p> <p>Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:</p> <p><i>Талқылауға арналған тақырыптар: Астана-әсем қала.</i></p> <p><i>Жазу үшін ойға салу: Бәйтерек жайлы аңыз</i></p>	
Алдыңғы оқу	Астана-тарихи мекен.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар

<p>Басталуы 5 минут</p>	<p>Үйымдастыру Сәлемдесу. «Мозайка» әдісі. Суреттердің реттілігін табыңыз. «Бір айналым сөйлем» бойынша таныстырып берсеңіздер.</p> 	<p>Слайд Ақпарат парағы</p>				
<p>Сабақ ортасы: 10 минут.</p>	<p>Оқулықпен жұмыс. 5- тапсырма. Оқылым. С. Әдіс «ЦИФРЛЫҚ САНДЫҚ» бойынша мәтінді оку. «Екі жақты түсіндірме күнделігі» Ж.</p>	<p>Дескриптор: 1. Маңызды түсын анықтайды. 2. Мәтін бойынша нақты пікір білдіреді.</p>				
<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<table border="1" data-bbox="420 1268 1167 1628"> <tr> <td data-bbox="420 1268 794 1381">Мәтіннен ұнаган үйінді</td><td data-bbox="794 1268 1167 1381">Себебі, пікірінің жазыныз.</td></tr> <tr> <td data-bbox="420 1381 794 1628"></td><td data-bbox="794 1381 1167 1628"></td></tr> </table> <p>10-тапсырма. Мәнерлеп оку. Т</p> <p>Сөз. Астана Сөз тіркесі Сөйлем Сұрақ Мәтін</p> <p>«Ойсергек» адасқан диалект сөздерді анықтау.</p>	Мәтіннен ұнаган үйінді	Себебі, пікірінің жазыныз.			<p>Дескриптор: Сөйлем құрлымы сақталған. 1 ұпай. Сұрақ нақты қойылған. 1 ұпай. Мәтін сауатты жазылған. 2</p>
Мәтіннен ұнаган үйінді	Себебі, пікірінің жазыныз.					

Қосымша акпарат		
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс
Тапсырмалар оқушылардың жеке бас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін есепке алынып жүргізіледі. «4 сөйлем» әдісі барысында жұптаса отырып, ақпаратты дәлелдейді. « Екі жақты түсіндірме күнделігі» әдісі бойынша үлгіге сүйене отырып, мәтін бойынша ұнаған ерекше бөлімне пікір білдіреді. «Бестік диктант» әдісі бойынша қабілеті жоғары оқушылар топта басқа оқушыларға қолдау көрсетеді.	Бағалау оқу мақсаттарына сәйкестендіріліп жасалады. «Бағалау биіктігі» әдісін қолдану барысында оқушылар өздерінің жеткен жетістіктерінің нәтижесін анықтауға мүмкіндік алады.	Пәнаралық байланыс: тарих АКТ-мен байланыс: презентациялық слайдтар. Құндылықтардағы байланыс: Зайырлы қоғам және жоғары руханият
<p>Рефлексия</p> <p>Сабак / оқу мақсаттары шынайы ма?</p> <p>Бүгін оқушылар не білді?</p> <p>Сыныптағы ахуал қандай болды?</p> <p>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?</p> <p>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>		
<p>Корытынды бағамдау</p> <p>Сабакта қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Қандай екі нәрсе Сіздің сабағынызды жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p>		

**Ақтөбе облысы
Әйтеке би ауданы
Қарабұтақ ауылы
«Ақбөбек» МДҮ-ның тәрбиешісі
Рахметова Айтолқын Альбертқызы**

«Мектепке дейінгі мекемелердегі оқу іс-әрекетін ұйымдастырудагы дидактикалық ойындар»

Ойын дегеніміз - жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл - қүйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын - төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай - ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі.

В. А. Сухомолинскийдің сөзімен айттар болсақ, «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы жоқ» және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздал жанар оты.

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе» (М. Жұмабаев)

Бұл жинақта қазіргі мектепке дейінгі балалардың оқу іс - әрекетін ұйымдастыру барысында қызығушылығын арттыру ойынның технологиялық қажеттілігі туралы қарастырылған. Мектепке дейінгі мекемелерде оқу- іс әрекеті барысында қолданылатын дидактикалық ойын түрлері жинақталған.

Қазіргі уақытта балаларды оқытуға арналған әдістемелер соның ішінде ойын технологиясы кеңінен пайдалану үстінде. Яғни, ойындарды игеру балаларды жан - жақты болуына зор ықпалын тигізеді. Балалардың оқу іс - әрекетін арттыру үшін ойын элементтерін тиімді пайдалану керек. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибелі менгереді, сондықтан әр сабак барысында қандай ойын түрлерін қолдануға болатынын сабактың мазмұнына, мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдалуы керек екендігі назарға алынғаны дұрыс. Яғни, бала тілін дамыту барысында ойын элементтерін қолдана отырып, құзіреттілік тапсырмалар арқылы балалардың өздігінен дамуға, жетілуге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға арналған бірден - бір таптырмас технология.

Ойынның технологиялық негізгі ерекшелігі – балалар үн - тұнсіз ойнамайды. Тіпті жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын барысында сөйлесу қарым - қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайады. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе тәрбиешілер ұсынатын ойын ережесі.

Ойынның түпкі ниеті – бұл балалардың нені және қалай ойнайтының жалпы анықтамасы. Мысалы: сюжетті – рөлдік ойындар «Почта», «Дәріхана», «Дүкен», «Аурухана», «Кітапхана», «Отбасы», «Балалар бақшасы» болып ойнайды. Сол сияқты ойындарда топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі: ойын балаларға сабакта да, серуенде де өте қажет, тіпті бала жай демалып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Өмірдегі түсінігі еліктеуі, бақылауы осы ойын үстінде көрініс табады. Көбінесе бұл ойындар күннің 2 жартысында ойнатылады.

Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда мектепке дейінгі балалар белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, ойынға аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрселерді көріп, соны бейнелеуді ұнатады. Рөлдік ойындарды табысты және қарқынды жүргізе біледі. Сөйлеу әрекетінде қозғаушы күш - ырғақ. Сөйлеу ырғағын құру тәрбиешілердің рөлдік ойындарды ұйымдастырудагы ең қыын іс - әрекеті. Балалардың қызығуын арттыру мақсатында тәрбиеші ойынға қатысушының

өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс құра білуі керек. Ойын іс - әрекеті зерттеуші, дамытушы, үйретуші болып тәрбиешінің негізгі іс - әрекетін құрайды.

Ойын түрлері:

Дидактикалық ойыны

Шығармашылық ойыны

Сюжеттік рөлдік ойыны

Қимылды ойындар

Ұлттық ойындар

Педагогикалық ойындар

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады. Осы ойын түрлерінің ішінен сіздердің назарларыңызға дидактикалық ойын түрлерін ұсынамын.

«Сиқырлы қап»

Мақсаты: заттарды ұқсас белгілері бойынша салыстырып көруге, топқа бөлуге машиқтандыру.

Көрнекілігі: ойыншықтардың түсі, өлшемі, пішіні әртүрлі болады.

Ойын шарты: тәрбиеленушілер «Сиқырлы қаптағы» затты ұстап тұрып, оның пішінін анықтайды, содан кейін ойыншықты алып, оның атауын және түсін айтады.

«Әдемі кілемшелер»

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Ойын шарты: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

«Өз үйінді тап»

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

Көрнекілігі: түрлі-түсті дөңгелектер.

Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шенберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.

«Сиқырлы суреттер»

Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

Көрнекілігі: әр түрлі сурет бөлінділері.

Ойын барысы: Балалар алдарындағы ұлғі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.

«Не қайда тұрады?»

Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту

Көрнекілігі: Жануарлардың және олардың тұратын орталарының суреттері

Ойын барысы: Балаларға иттің, қоянның, қойдың, торғайдың т.б суреттерін көрсетіп сұрақтар қою арқылы , әрқайсының тұру орталарына орналастыру қажеттігі түсіндіріледі (итке-үйшік, торғайға ұя, қойға-қора, қоян-қоршауға)

«Суреттерді құрастыр»

Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту

Көрнекілігі: әр түрлі суреттер: жемістердің, көкөністердің немесе ойыншықтардың суреттері

Ойынның барысы: Балаларға кез-келген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі

«Көп және біреу»

Мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.

Көрнекілігі: көп және бір зат бейнеленген суреттер.

Ойынның барысы: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.

«Вагондарға дөңгелек таңдау»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.

Ойынның барысы: балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

«Үй құрлысының ретін көрсет»

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.

Көрнекілігі: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.

Ойын барысы: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.

«Бұлар нелер?»

Мақсаты: Әрбір үй жануарларының төлдерінің аттары мен жабайы жануарлардың аттарын атауға үйрету. Үй жануары мен жабайы жануарды, төлдерін ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі: Үй және жабайы жануарлар суреттері

Барысы: алдымен тәрбиеші суреттер арқылы түсіндіру жұмысын жүргізеді. Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын, немен коректенетінін, тіршілігін айтуды керек. М/ы: мысық-сұт-үй жануары, қасқыр-ет-жабайы аң т/б

«Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту

Көрнекілігі: үйдің, есіктің суреттері, пішіндері.

Ойынның барысы: қағаздан қыылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну

«Не жоқ?»

Мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ойыншықтар

Ойынның барысы: ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады. Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде педагог ойыншықтардың біреуін алыш қояды. Балалар көздерін ашып, қай ойыншықтың жоқ екенін табады.

«Біркелкі пішіндерді сана»

Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.

Көрнекілігі: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер.

Ойын барысы: Эр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атая.

«Танып ал да, атын ата»

Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.

Ойын барысы: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлыштың әңгімегін суреттеп беруді ұсынады.

«Не ұшады, не ұшпайды?»

Мақсаты: ұшатын және ұшпайдын заттарды ажыратып, үйрету.

Көрнекілігі: ұшатын, ұшпайдын заттар мен құстардың суреттері.

Ойынның барысы: Суреттен ұшатын, ұшпайдын заттарды ажыратып, аттарын ататқызу.

«Ажырат»

Ойынның мақсаты: киімдерді ажыратып, үйрету.

Көрнекілігі: қысқы, жазғы киімдердің суреттері.

Ойынның барысы: қысқы киімді көк, жазғы киімді сары сөмкеге салу керек.

«Түрлі түсті моншақтарды тізу»

Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету

Көрнекілігі: Ақтүсті -8 қызыл түсті -8 моншақтар, диаметрі-2 см. Жіптер және қорапшалар.

Ойынның барысы: Қонаққа қуыршақ немесе аю келеді, өзімен бірге моншақтарды әкеліп, әдемі моншақ жасауға көмектесулерін сұрайды.

Тәрбиеші екі түсті моншақты қолына ұстай отырып, бірінші қызыл, сонаң соң ақ моншақты тіземіз – деп көрсете отырып балалардың орындауларын қадағалап отырады.

«Кімге не керек»

Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету.

Үлкендердің жұмысын бағалауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әртүрлі мамандыққа қажетті құрал-жабдықтар бейнеленген карточкалар

Ойынның шарты: Тәрбиеші тақтаға әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді.

М/ы: тігіншіге-ине, құрылышыға-қалақ, мұғалімге-кітап т.б

«Қандай сан қалып қойды?»

Мақсаты: сандарды тануға, ретімен санауға үйрету.

Көрнекілігі: сандар

Ойынның барысы: Балалар көздерін жұмады, соң уақытта бір санды тығып қоямыз. Балалар санайды, қандай сан қалып қойғанын айтады.

«Көрші санды ата»

Мақсаты: сандарды ретімен санай білуге үйрете отырып, есте сақтау тәрбиелеу.

Көрнекілігі: 1-ден-20-ға дейінгі сандар

Ойынның барысы: Балаларға мына сандар қойылады (2, 1, 3, 4, 5, 7, 8, 5, 11, 14, 18, 16, 19, 20), Балалар сандардың көршісін табу және атау керек, ретімен қойып береді.

«Аз ба, көп пе»

Мақсаты: аз және көп ұғымын түсіндіру. Оң мен солын ажыратуға үйрету.

Ойынның шарты: Алма ағаштары суреттері тақтада ілулі. Оң жақ, сол жақ, астында, үстінде деген ұғымдарды қолдана балалар бұтақтағы алмаларды санайды. Аз ба, көп пе салыстырады.

«Таныс пішіндер доминосы»

Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.

Көрнекілігі: пішіндер бейнеленген суреттер.

Ойынның барысы: Балаларға суреттерді таратып беру. Тәрбиеші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.

«Тәулік бөліктері »

Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Сөздік қорын молайта отырып, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Көрнекілігі: суреттер

Ойынның барысы: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.

«Көрісінше айт»

Мақсаты: Тәулік жөнінде түсініктерін кеңейту. Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап берे білуге үйрету. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілігі: доп

Ойынның барысы: Балаға допты беріп қарама-қарсы мағыналы сөзben жауап беруді сұрайды.

Мысалы: «тан» десе, бала «кеш» деп жауап береді.

Таңдалған ойынды өткізуге қойылатын талаптар төмендегідей:

- Ойынды оқу іс-әрекетінің тақырыбына сәйкес алу.
- Ойынның мақсаты нақты қойып, ойынға керекті көрнекіліктерді балалардың қызығушылығын арттыратындау дайындау.
- Ойнар алдында балаларға түсіндіру жұмысын ойын барысын әбден түсіндіру.
- Ойынға балалардың барлығын қатыстыру.
- Ойын барысында балардың қатысуын қадағалау, білмеген жерлеріне көмек, жәрдем беру.

Қорытындылай келе, ойындар балалардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамыттың, сөздік қорын молайтып, тілін дамыттын тәсілдердің бірі. Олар кез - келген оқу материалын қызықты да, тартымды қылыш, балалардың көңіл - күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және өтілген тақырыпты жеңіл менгеруге көмектеседі. Тақырыпты ашу барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі қолданылып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана тәрбиешінің тақырып мақсатын ашуна мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1) Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы, Алматы – 1981 жыл
- 2) Журнал «Балабақша» 2009 жыл
- 3) Балабақшадағы балалардың тілін дамыту әдістемесі, Алматы – 1985 жыл
- 4) Интернет желісінен

**Ақтөбе қаласындағы №13 орта мектеп»КММ
Бастауыш класс мұғалімі
Ескермесова Айдана Куандыковна**

Арнайы таңдалған сабакты критериалды бағалау

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді үрпақ. Сондықтан да Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің Жолдауларында білім саласына айрықша көңіл бөліп, еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырыған емес.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүрге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға иті ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғага қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындаиды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау . Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны , қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабак беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек. Осы орайда оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, оқушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын бірден бір тәсіл критериалды бағалау болып табылады.

Критерийлер – оқытуудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындаитын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалдық бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-тәсілдердің қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауга не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалауды енгізуінің мақсаты:

- Мектепте оқыту сапасын жоғарылату;
- Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- Сабактың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;
- Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
- Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;
- Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;
- Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуға;
- Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;

- Сабак үдерісі мен білімнің менгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге

Критериалды бағалаудың маңызы:

Мұғалімдер үшін:

- Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;
- Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;
- Сабак берудің сапасын арттыруға;
- Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр түлғага арналған ауқымын жоспарлауға;
- Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
- Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге

Оқушылар үшін:

- Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
- Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;
- Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;
- Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге

Ата-аналар үшін:

- Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға;
- Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға;
- Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

- Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;
- Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қыындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді;
- Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі;

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сынни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары, топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, IT-технологияларды қолдану дағдылары.

Критерийдің мазмұны:

Бағалау критерийлері – оқытудың мақсатын және ара қатысын белгілеуге сәйкес белгі (сипаттама).

Дескриптор – жетістік деңгейінің сипаттамасы.

Критерийлер

Дескрипторлар

А. Білу және түсіну

Жекелеген сыншылар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғырту. Алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғырту, болжай жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу

В. Қолдану

Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану, пайдалану. Білгенін, түсінгенін, дағдыларын сабак барысында қолдану арқылы көрсету

Әр сыншылар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін білімдерін қолдануды көрсетудің жолдары: практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс, кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шығару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табу болып табылады

С. Сыни ойлау және зерттеу

Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеу, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету.

D. Коммуникация және рефлексия

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар, фактілер мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсыну. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың көзқарасын қабылдай отырып, өз көзқарасын түсіндіру арқылы ортақ ойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау.

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «терешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілеттінің дамуына ықпал етеді.

Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастыруышы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастыруышы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет.

Жалпы қалыптастыруышы бағалау сабак жүйесінде жеке қарастырылмайтын, сабакпен қатар жүретін үрдіс. Қалыптастыруышы бағалаудың (оқыту үшін бағалау) маңызы – білім беруді, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту, мақсаты–оқытудың қындықтарын анықтау, оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін білу, болжаяу мен сұрыптау, жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс. Бағалаудың мәні – бақылау, алынған мәліметтердің интерпретациясы, бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді

қорытындылау. Ол оқушының жаңа сабакты, тарауды қалай менгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отыру. Жиынтық бақылау жұмысына дейінгі оқушының білім деңгейін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру. Қалыптастыруышы бағалау жұмысы сабактың толық бөлігін қамтуы міндетті емес. Ол сабактың басында, сабактың ортасында сабактың соңғы бөлігінде жүргізіледі. Уақыт көлемі тапсырма деңгейіне сәйкес 5-10 минут болуы мүмкін. Сабак барысында қалыптастыруышы бағалаудың формальді, формальді емес әдістерін тиімді әрі жүйелі қолдану қажет. Сабакта қалыптастыруышы бағалауды жүйелі өткізу – жиынтық бағалаудың нәтижелі, сапалы болуының баспалдағы. Жиынтық бағалау тоқсан сонындағы оқушы білімінің жетістігін сарапайтын жұмыс, ендеше осы жұмыстың бастауы негізі қалыптастыруышы бағалауда қаланады. Бүгінгі таңда оқушы білімін критериалды жүйе бойынша бағалаудың өміршөндігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр.

Жеке тұлға тәрбиелеуде тіл құзыреттілігінің маңызы ерекше екені белгілі. Әлеуметтік топтарда, қоғамдық түрлі әлеуметтік орындарда тұлғалармен қарым-қатынас жасауды және әрекет етуді қамтамасыз ететін ана тілін және басқа тілдерді менгеру – заман талабы. Олай болса, білім алушының тіл құзыреттілігін жетілдіруге критериалды бағалау жүйесінің ықпалы өте зор.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым-2012 жыл
2. «Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі» - Зулкашева Ш.М. Орал 2013
- 3.«Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №8-9 2015 жыл

**Карабалина Қымбат Жаңабергенқызы
Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Қарабұтақ ауылы
«Ақбөбек» балабақшасының тәрбиешісі.**

Сергіту жаттығулары

1. Тербеледі ағаштар, (қолдарын жоғары көтеріп, оңға- солға тербелу)

Алдынан жел еседі. (қолдарын алға созып, өзіне қарай желпу)

Кіп-кішкентай ағаштар, (жерге тізерлеп отыру)

Су құйғанда өседі. (су құйғандай қимыл жасап, орындарынан тұрып, биік ағашты көрсету)

2. Иіліп оңға бір, ііліп, солға бір. (оңға –солға иілу)

Жаттығу жасаймын. (қайталау)

Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ , сол аяқ (оң аяқпен, сол аяқпен секіру)

Жаттығу оңай-ақ. (қайталау)

3. Ормандағы аюдың, (шеңбер бойымен жүріп, аюдың жүрісін салу)

Құлпынайы көп екен. (қолдарын екі жаққа созу)

Теріп-теріп алайық, (жерден құлпынай тергендей, іс - қимыл жасау)

Қалтамызға салайық. (қалтасына салу)

Қалтамызға сыймаса, (қолдарын сермеу)

Ауызымызға салайық. (ауызына салу)

Аю келіп қалмасын, (өлең жолын қайталау)

Жылдам – жылдам қашайық. (бірінің артынан бірі қашу).

4. Аю, аю тұршы (орындарынан тұру)

Бетінді жушы (екі қолымен бет жуу)

Айнаға қараши (айнаға қарау қимылы)

Шашынды тараши (шаш тарау қимылын жасау).

5. Ұзын құлак сұр қоян (шенберге тұру)

Естіп қалып сыйбырды (қолдарымен қоянның құлағын көрсету)

Ойлы – қырлы жерлермен (құлактарымен кезек-кезек айналаны тыңдау)

Үтқып-ытқып жөнелді (екі аяқтарын біріктіріп бір орында секіру)

6. Орнымыздан тұрайық (орындықтан тұру)

Аяқты нық басайық (бір орында журу)

Бір отырып, бір тұрып (тізе бүгіп отырып, тұру)

Біз демалып алайық (орнына отыру).

7. Орнымыздан тұрамыз (мәтінге сәйкес іс-қимылдар жасату)

Қолды белге қоямыз

Иілеміз оңға бір

Иілеміз солға бір

Жоғары қолды созамыз

Аяқтың ұшында тұрамыз

Бір отырып, бір тұрып

Біз тынығып аламыз

8. Біз аяқпен топылдаймыз (мәтінге сәйкес іс-қимыл жасату)

Біз қолмен шапалақтаймыз

Баспен біз шайқаймыз

Қолды жоғары көтереміз

Одан кейін түсіреміз

Одан кейін ақырын

Орнымызға жүгіреміз.

9. Айгөлек-ау, айгөлек, (қолдарын жоғары көтеру)

Айдың жүзі дәңгелек (білектерін майыстыру)

Айдай толған кезімде, (мәтінге сәйкес іс-қимылдар жасату)

Би билеймін дәңгелеп. (айналып билеу)

10. Секіреміз топ-топ, (орындарында тұрып секіру)

Шапалақтап көп-көп. (шапалақтау)

Іілеміз оңға қарай бір, екі, үш, (оңға иілу)

Іілеміз солға қарай бір, екі, үш. (солға иілу).

11. Үйрек аузын ашады, (ауыздарын ашқандай қимыл жасау)

Қанаттарын қағады. (екі қолдарын серпу)

Бір отырып, бір тұрып, (орындарынан тұрып, отыру)

Билеп – билеп алады. (орындарында тұрып билеу).

12. Бақа, бақа балпақ (өлең жолдарын қайталау)

Басың неге жалпақ (бастарын ұстау)

Көзің неге тостақ (көздерін барынша ашу)

Бұтың неге талтақ. (аяқ арасын ашу)

13. Ал, балалар, келіндер (мәтінге сәйкес іс-әрекеттер жасау)

Бой жазайық бәріміз

Мойнымызды бұрамыз

Қолымызды созамыз

Аяқтармен топ-топ басып

Орнымызға барамыз

14. Бір дегенде тұрайық, (мәтінге сәйкес іс-қимылдар жасау)

2, 3, 4 – алаканды согайық,

Оң жаққа бұрылып,

Сол жаққа бұрылып,

Бір отырып, бір тұрып,

Біз жүгіріп алайық.

5 дегенде асықпай,

Орнымызды табайық.

15. Ақку болып ұшамыз (орындарынан тұру)

Көлге келіп конамыз (қолдарын екі жаққа көтеру)

Көлдің бетін құшамыз (екі қолдарымен көмкеру)

Қайта самғап ұшамыз. (қолдарын қанат тәрізді жаю)

16. Әппақ болып таң атты, (екі қолмен айналаны көрсету)

Тұтін тіке шығады (қолдарын біріктіріп тұтіннің шыққанын көрсету)

Қарлығаштар қанатын (самғаған құсты көрсету)

Самғап биік ұшады.

17. Терендет ойыңды, (орындарынан тұру, денені тік ұстай)

Тік ұста бойыңды. (құстың қалықтап үшқанын келтіру)

Құстарға ұқсайық, оң қолды көтеру)

Қалықтап ұшайық. (сол қолды көтеру)

Шық алға оң қанат, (қолдарын түсіру)

Шық алға сол қанат,

Шаршаған кездерде

Қонайық жорғалап.

18.Қақпаға туралап,

Теп допты, оң аяқ

Қақпаға туралап,

Теп допты сол аяқ,

Оң аяқ, сол аяқ

Жаттығу оңай-ақ. (екі аяқпен кезек-кезек доп тебу қимылын көрсету)

19.Тоңса біздің қолымыз (мәтінге сәйкес іс-әрекеттер жасау)

Қолғап киіп аламыз

Сарт-сарт-сарт

Шапалақ соғамыз

Тоңса біздің аяғымыз

Етік киіп аламыз

Топ-топ-топ

Топылдатып билейміз

Тоңса біздің денеміз

Тонды киіп аламыз

Зу-зу-зу

Шанамен зулаймыз

20.Алам үшін күнде мен, (әндете)

Отынға ағаш жарамын. (ағаш жарғандай)

Су құямын гүлге де, (гүлге су құйғандай)

Дүкенге де барамын. (қолдарына сөмке ұстап жүру)

Сыпырамын үй үшін, (сыпырғандай)

Жуам ыдыс-табақты. (ыдыс жуғандай)

Жылай қалса бөпемді, (бөпені ұстагандай)


Жұбатамын ойнатып. (қолдарын шапалақтайды)

**Алматы облысы, Қарасай ауданы, Дарынды балаларға
арналған үш тілде оқытатын Әл-Фараби атындағы
арнаулы гимназиясының бастауыш сыйнып мұғалімі
Тұрсынғалиқызы Асыл**


Пән: Жаратылыстану Ұзак мерзімді бөлімі: Жануарлар («Менің отбасым» тақырыбы аясында) Күні: Сыйнып: 2	Жоспар Катысқандар саны: Катыспағандар саны:
Сабактың тақырыбы	Жануарлар әлемінің көптүрлілігі
Осы сабакта қол жеткізілетін оқу мақсаттары бағдарламасына сілтеме)	2.2.2.1 – жануарлар класының өкілдерін ажырату: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырмен жорғалаушылар, құстар және сұтқоректілер; 2.1.1.1 – қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысадарын зерделеуге қажетті жағдайларды және зерттеушінің тұлғалық қасиеттерін анықтау;
Сабак мақсаттары	Барлық оқушылар: Жануарлар әлемінің алуан түрлі екенін білу; Көптеген оқушылар: Жануарлар класының өкілдерін ажырату; Кейбір оқушылар: Сұтқоректілер, құстар, бунақденелілердің айырмашылықтарын зерттеу.
Багалау критерийлері	-Жануарлар әлемінің түрлерін біледі; -Жануарлар класының өкілдерін ажыратады; -Сұтқоректілер, құстар, бунақденелілердің айырмашылықтарын зерттейді.
Құндылықтарды дарыту	Інтымақтастық, қамқорлықта баулу.
Тілдік мақсат	Сұтқоректілер, құстар, бунақденелілер
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану
АКТ қолдану дағдылары	Жануарлардың көптүрлілігі туралы мәлімет іздестіреді, өндейді
Бастапқы білім	Жануарлардың негізгі сипаттамаларын біледі, үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратады. Жануарлардың жыл мезгілдерінің ауысуына бейімделуін түсіндіре алады.

Сабак барысы

Сабактың жоспарланған кезеңдері	Сабактағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабактың басы 5 мин	1.Психологиялық ахуал (Y) Мақсаты: Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеріп, жағымды көніл-күй орнату	

	<p>Табиғат алтын мекен, Жануар, Адамға да. Бір-біріңсіз тіршілік жоқ, Оны байқа! Адамдар мейірімді бол, Қорғауға ал, Тілі жоқ жануарға!</p> <p>2.Топқа бөлу Сұтқоректілердің, құстардың, бунақденелілердің суреттері арқылы топқа бөлінеді. 1-топ – «Сұтқоректілер» 2-топ – «Құстар» 3-топ – «Бунақденелілер»</p> <p>-Балалар біз қандай топтарға бөліндік? -Бейнежазбаға назар аударындар. Бейнежазба арқылы бүгінгі сабактың тақырыбын және мақсатын біледі.</p>	<p>Қима суреттер</p> <p>Бейнежазба</p>
Сабактың ортасы 25 мин	<p>3.Белсенді оқыту. «Түсіндіру және сипаттау» әдісі. (Т) 1-тапсырма. «Венн диаграммасы» әдісі. Суреттегі жануарлардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын венн диаграммасына салу</p> <p>1-топ: Сұтқоректілер мен құстардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын венн диаграммасы арқылы салыстыру 2-топ: Сұтқоректілер мен бунақденелілердің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын венн диаграммасы арқылы салыстыру</p> <p>3-топ: Бунақденелілер мен құстардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын венн диаграммасы арқылы салыстыру ҚБ.«Бағдаршам» бағалау парагы Дескриптор: - Сұтқоректілер мен құстарды салыстырады; - Сұтқоректілер мен бунақденелілерді салыстырады; - Бунақденелілер мен құстарды салыстырады.</p> <p>4.(М.Т) Кейбір жануарлар баласын тірі туады. Олар өсіп-жетілгенше енесінің сүтімен қоректенеді. Сондықтан оларды сұтқоректілер деп атайды. Сұтқоректілердің көпшілігінің басы, мойны, денесі және төрт аяғы болады. Құстардың басқа жануарлардан ерекшелігі – олардың тұмғысы, қауырсыны, қанаты, екі аяғы мен құйрығы болады. Құстардың көпшілігі ұша алады.</p>	  

	<p>Құстардан басқа көптеген бунақденелілер де ұша алады.</p> <p>Сен білесің бе?</p> <p>Үйректүмсік пен түрпі – жұмыртқа салатын, бірақ балаларын сүтімен қоректендіретін бірден бір сүтқоректілер. Олар Аустралияны мекендейді.</p> <p>5.Саралау «Тапсырма» тәсілі.</p> <p>2-тапсырма (Жеке жұмыс). «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы сүтқоректілерді, құстарды, бунақденелілерді топтастыру.</p> <p>-Жануарлардың қандай топтарға бөлінетінін есіне түсір. Суреттердегі жануарларды топтастыр. Өз ойынды дәлелде.</p> <p>ҚБ. «Бағдаршам» бағалау парагы</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сүтқоректілерді топтастырады; - Құстарды топтастырады; - Бунақденелілерді топтастырады. <p>6.Белсенді оқыту. «Түсіндіру және сипаттау» тәсілі.</p> <p>3-тапсырма (Т). «Суреттер сөйлейді» әдісі. Бунақденелілердің дене мүшелерін айту және салыстыру.</p> <p>1-топ – Құмырсқаның дене мүшелерін жазу; 2-топ – Араның дене мүшелерін жазу; 3-топ – Құмырсқа мен араның дене мүшелерін салыстыру.</p> <p>ҚБ.«Бағдаршам» бағалау парагы</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Құмырсқаның дене мүшелерін жазады; -Араның дене мүшелерін жазады; -Құмырсқа мен араның дене мүшелерін салыстырады. <p>7.(М.Т)</p> <p>Бунақденелілердің денесі үш бунақтан тұрады: бас, кеуде және құрсақ. Осыған байланысты оларды бунақденелілер деп атайды. Барлығының алты аяғы мен мұрты болады.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>8.Саралау «Қарқын» тәсілі.</p> <p>4-тапсырма (Жеке жұмыс).</p> <p>Жануарлардың белгілерін зертте. Оларды ерекше белгілері бойынша сыныптастарыңа жасыр.</p> <p>ҚБ.«Бағдаршам» бағалау парагы</p> <p>Дескриптор:</p>	<p>Оқулық</p> 
--	--	---

	<p>- Жануарлардың белгілерін айтады; - Жануарлардың ерекше белгілерін зерттейді.</p> <p>9.Белсенді оқыту. «Бір минуттық әңгіме» тәсілі. 5-тапсырма. Оқушының бір-бірінен ақпарат алу дағдысын қалыптастыру.</p> <p>-Жануарлардың қандай топтары болады? -Сұтқоректілерге нелер жатады? -Құстарға нелер жатады? -Балықтарға нелер жатады? -Қосмекенділерге нелер жатады? -Бауырымен жорғалаушыларға нелер жатады? -Бунақденелілерге нелер жатады?</p> <p>ҚБ.«Бағдаршам» бағалау парагы</p> <p>Дескриптор:</p> <p>-Сұрақтарға жауап береді; -Жануарлардың топтарын ажыратады.</p> <p>10.Үй жұмысы: Тауықты құсқа жатқызуға бола ма? Мәлімет жинап келу</p>	
Сабактың соны 10 мин	<p>Рефлексия</p> <p>11.«Бес саусақ» әдісі.</p> <p>Мақсаты: Оқушының бір-біріне бес саусақтай бірігуіне ықпал ету.</p> <p>Балалар параққа алақандарын қойып, оны жиегін қаламмен айналдырып өтеді. Осыдан соң олар сабақ туралы мынадай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Бас бармақ» - басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды? 2. «Балан үйрек» - бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім? 3. «Ортан терек» - ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым? 4. «Шылдыр шүмек» - шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? 5. «Кішкентай бөбек» - көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалай сезіндім? <p>Өзін-өзі бағалау</p>	
Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды менгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік

<p>Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p> <p>Жұптардың өзара сөйлесулерін бақылап тыңдан жүру барысында тапсырманы орындауға қиналатын оқушыларға қолдау көрсету</p>	<p>«Бағдаршам» бағалау парагы «Бес саусақ» әдісі «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>техникасының сақталуы</p> <p>Өмір қауіпсіздік ережелері Қауіпті, улы бунақденеліле рден сақтану ережелерін ұғындыру</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p>		
<p>Жалпы баға</p> <p>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</p> <p>1:</p>		
<p>2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қызындықтары туралы нені білдім келесі сабақтарда неге қоңіл бөлу қажет?</p>		

**Алматы облысы, Қарасай ауданы,
 Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын
 Әл-Фараби атындағы арнаулы гимназиясының
 ағылшын тілі пәні мұғалімі Ошанова Мария Досымбековна**

Short Term Plan

Unit of a long term plan: Communication and Technology	School: Specialized gymnasium teaching in three languages for gifted children after Al-Farabi	
Date:	Teacher's name: Oshanova M.D.	
Grade: 7	Number present:	absent:
Theme of the lesson: Social Network Websites		
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	7.C2 use speaking and listening skills to provide sensitive feedback to peers 7.S2 ask complex questions to get information about a limited range of general topics and some curricular topics 7.UE6 use a variety of possessive and reflexive pronouns including mine, yours, ours, theirs, hers, his, myself, yourself, themselves on a growing range of familiar general and curricular topics	
Lesson objectives	All learners will be able to: Recognize information about social network websites Use the structure of reflexive and possessive pronoun Most learners will be able to: Make up complex questions and give answers Write sentences using buzz words Some learners will be able to: they share and present their ideas of given text	
Assessment criteria	To provide with sensitive speaking skills on a giving feedback to pairs Identify the topic on a given words by asking questions Use reflexive and possessive pronouns on a growing range	
Level of thinking	High order of thinking	
Value links	Common Culture and Language	
Cross-Curricular Link	ICT	
ICT skills	Active Board, Mobile Phone,	
Previous learning	Reflexive and possessive pronoun	
Plan		
Planned timings	Planned activities	Resources
Beginning 5 min	Organizational moment Teacher greets students and organizes the warm atmosphere of the lesson. The learners write their desire to each other then read and hang on the desire tree. By using the method of “Brainstorming” the teacher	Video:

	<p>shows video connected with the topic of the lesson and asks some questions.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. What have you seen? 2. What about the video? 3. What are they? 4. How often do you use them? 5. What is your opinion are they useful? <p>Now try to guess the topic our today's lesson? The learners should guess the topic of the lesson by watching the video and answering the questions.</p>	https://youtu.be/1qpcdywb6Hw
Middle 8 min	<p>Teacher divides the class into 3 groups: Google, Facebook, Instagram.</p> <p>Learners create the rule of group, to vote the Leader and Time keeper. Each group introduces the name, the rule and the Leader.</p> <p>Activity 1</p> <p>Individual work.</p> <p>Teacher shows phrases from Active Board by using strategy of "Make up and then answer". Learners use the phrases to make sentences about the items in the pictures and practice buzz words for means of communication.</p> <p><i>chat on social media</i> <i>send a text message</i> <i>chat on Skype</i> <i>face-to-face</i> <i>talk on my mobile</i> <i>send an email</i> <i>send a letter</i> <i>talk on a landline</i> <i>e.g. I often chat on social media.</i> <i>I sometimes.....</i></p> <p>Descriptors:</p> <p>A learner</p> <ul style="list-style-type: none"> - reads the phrase; - makes up sentence. <p><i>Formative assessment: students evaluate each other</i></p>	Active Board; Excel Grade 7 SB
15 min	<p>Activity 2</p> <p>Work in groups.</p> <p>Teacher gives task by using strategy of "Free discussion" for every group.</p> <p>The Instagram group connects with the famous person by online and to gather information about his or her.</p> <p>Questions:</p> <ul style="list-style-type: none"> - How did you become a famous person? - Did your life change after becoming famous? - If you have opportunity what will you change? - Do you check your comments? 	Mobile phone, poster

	<p>- Do comments effect your mood?</p> <p>The Google group should find information about the 10 top famous social network websites and give some information about them. E.g. Google websites can give you important information, grammar skills, writing and reading skills. YouTube you can watch a new films, cooking, fixing tools....</p> <p>The Facebook group should sign to their “School page” and to write comments or offers about the school condition. E.g. We have got good educated teachers but we haven’t got internet in the library. If we have the internet we will get more information for our education.</p> <p>Descriptors: A learner</p> <ul style="list-style-type: none"> - finds information; - asks and answers the questions; - gives opinion; <p><i>Formative assessment: Each group evaluates other group.</i></p>											
3 min	<p>Activity 3</p> <p>Individual work.</p> <p>Teacher gives grammar tasks. Students fill in the gaps</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Is that your notebook or? 2. He is doctor. 3. That’s house, not theirs. 4. Is he a friend of ? 5. I did not want to believe it and then I saw God 6. The girl looked at in the photo. 7. Ivan, you’ll have to do the homework 8. You don’t need to help them. They will do it 9. I introduced to my new colleague. 10. Can you make your bed? <p>Answers:</p> <table style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 50%;">1. mine</td> <td style="width: 50%;">6. herself</td> </tr> <tr> <td>2. our</td> <td>7. yourself</td> </tr> <tr> <td>3. ours</td> <td>8. themselves</td> </tr> <tr> <td>4. yours</td> <td>9. myself</td> </tr> <tr> <td>5. myself</td> <td>10. Yourself</td> </tr> </table> <p>Descriptors: A learner</p> <ul style="list-style-type: none"> - reads the sentences; - fill in the gaps; <p><i>Formative assessment: Teacher monitors and gives feedback to students’ answers.</i></p> <p><u>Having a rest. Learners play energizer – “Tree on a hill” by watching video</u></p>	1. mine	6. herself	2. our	7. yourself	3. ours	8. themselves	4. yours	9. myself	5. myself	10. Yourself	<p>Worksheet https://www.learnenglishfeelgood.com/possessive-pronouns-adjectives2.html</p> <p>http://youtu.be/DJ1_bSF-cyk</p>
1. mine	6. herself											
2. our	7. yourself											
3. ours	8. themselves											
4. yours	9. myself											
5. myself	10. Yourself											

